МОДУЛЬ 2. ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР АРНАЛАРЫ

№5 дәріс. Көне түркілік ортақ фразеологизмдердегі этнофразеологизмдердің нышаны

Тіл – мәдениеттің феномені, ұлт мәдениетінің көрінісі ретінде ғылымда өз дәрежесінде әлі де зерттелмей келеді. Тіл – рухани күш десек, тіл және басқа семиотикалық таңбалар (ым тілі, кино тілі, сурет тілі) арқылы адам кез келген құбылысты қабылдап, оған баға беріп, өз көзқарасы мен ойын білдіре алады. “Сыртқы құбылыстар әлемі мен адамның ішкі әлемі арасындағы әлем – тіл”, – деген В. Гумбольдт пікіріне сүйенсек, тіл қоршаған ортадан, болмыстағы шындықты, адам санасы мен ойынан тыс өмір сүруі мүмкін емес. Мәдениет қоғамдық сананың бір бөлігі болып табылады, сондықтан да тіл – мәдениеттің шындығы мен көрінісі болмақ. Халықтық мәдениеттің ең нәзік ұшқындары, өрнектері тілде көрініс береді.

Адамзат қоғам және әлем туралы мәліметтер жиынтығы тіл арқылы, лингвистикалық каналдар арқылы жететініне көзін жеткізді. Этностың басып өткен сан ғасырлық даму жолы, оның белгі-бейнелері біздерге тас мүсіндер мен жартастарға қашалған сына жазулар арқылы, мәдени ескерткіштер мен әр түрлі ғимараттар түрінде жетуі мүмкін [Ә.Т. Қайдаров, 1998; 34 б.].

Тіл құдіретін, оның табиғатын түсіне, сезіне білген адам – рухани дүниесі бай, мәдениеті жоғары адам болмақ. Халық – *таяқ еттен өтсе, сөз сүйектен өтеді; өнер алды – қызыл тіл* деп, сөздің сиқырын айтса, *сөзге жүйрік; тілінен бал тамған; тілдің майын ағызған* және т.б. тіркестер сөз өнерін бағалай білген, сөзге қонақ бергізіп, шешендікті бағалай білген халық туралы айтады. Осыған орай – *сөйлей-сөйлей шешен боларсың* деген мақалды келтіруге болады. Тіл қыры мен сөз сырын аша білу – адамзат болмысын тану болып табылады.

Тіл – мәдениет қабаттарындағы (діннен, ғылымнан, әдебиеттен) тылсым құбылыс, ерекше коммуникативтік құрал, мәдениеттің рухани көрінісі, ұлттық менталитеттің сан қырлы қасиеттерінің көрінетін тұсы. *Ана тілі* сөзі – тілдің табиғилығын, адамның дүниеге келгеннен ана сүтімен бірге сіңіретінінің, тілдің тек адамзат болмысына тән бірден-бір қасиет екендігінің дәлелі.

Космос пен адамның қандық қасиеттерін білдіретін *ана – жер-ана, туған жер* және т.б. ұғымдар осының айғағы. Халық *тіл – тас жарады, тас жармаса – бас жарады* деп оның сиқыр күші мен құдіретіне толыққанды баға берген. “Тіл тарихы зерттелмейінше, оның даму, өзгерту, қалыптасу заңдылықтары ашылмайды, жүйеқұрылымы да, бай мазмұны да, сан-салалы әлеуметтік-қоғамдық қызметі де өз дәрежесінде танылмайды” – деген профессор Б. Сағындықұлының тұжырымы осы мәселеге тура қатысты айтылып тұр [Б.Сағындықұлы, 1996; 3 б.]. Сөздің бейнелі эквиваленті болып табылатын фразеологизмдерде халық менталитеті мен озық мәдениетінің, танымдық болмысының негізгі қайнар көзі жатыр. Сондықтан да фразеологизмдерді өткен тарихтың, әдет-ғұрыптың, салт-сананың, аңыздар мен мифтердің және т.б. жиынтығы деп қарауға болады.

Лингвистика мен мәдениеттің тоғысуынан пайда болған лингвистикалық мәдениеттану пәні этнос мәдениетінің тілге әсерін зерттейді. Мәдениет тілдік форма арқылы атадан балаға беріледі, мәдениеттің жинақталуы және оның сақталуы тілдің әлеуметтік қызметімен тікелей байланысты.

Кез келген мәдениет тіл арқылы көрініс табады. Мысалы, тілде кездесетін *көз тиді, тіл-көз тиді* фразеологизмдері халықтың наным-сенімімен, тұрмыс-тіршілігімен тікелей байланысты:

Құлагер қуанышпен қосып едім,
Алдыңнан үмітпенен тосып едім.
Жиналып арғын, найман қарағанда
Тіл мен көз тиер ме деп шошып едім (І. Жансүгіров).

Халық арасында қазіргі уақытта *көз тиеді* фразеологизмі ырым ретінде сақталған. Халық ырымы бойынша жақсы адамға, жас балаға, жүйрік атқа, сұлу қызға *көз тиеді* деген ұғым бар. Ондай адамдардың *көзі бар* немесе *назар керде* дейді.

Жаңа туылған нәрестенің қырық күнге дейін *көз тиеді* деп көп адамға көрсетпейді; нәрестенің бесігіне немесе киіміне тұмар жасап тігіп қояды немесе бетіне күйе жағып қояды. *Тұмар* ұғымы *тіл-көзден аман жүрсін, көз тимесін* деген халық дүниетанымымен тікелей байланысты. Қазақ тіліндегі *көзі жаман* фразеологизмі *көзі тиді, көз тигіш, тфә, көз тимесін! Тіл-көзім, тіл-аузым тасқа, көзің тиеді, түкір! ж*әне т.б. тіркестермен жалғасып жатыр. *Көз тимесін, тіл тимесін* деген ырым негізінде шыққан бұл тіркестер халықтың психологиясымен, дүниетанымымен, сенім мен түсініктерімен тығыз байланысып жатыр.

Халық арасында сонымен қатар *көз тиді* деп секем алған жағдайда сол адамның үйінен бір нәрсесін әкеліп түтетеді. Осылайша қас күштердің беті қайтады деп сенген. Халық көзінің қалы бар адамның қарағаны тегін жібермейді деп жаңа туған нәрестесі бар кісілер үйіне қалы бар адамдардың келуінен қатты сақтанған. Немесе көзі тиді-ау деген адамды таптырып алып, оған түкіртетін болған.

Ауыз әдебиеті үлгілерімен, аңыздармен, яғни мифологиямен тікелей байланысты фразеологизмдер тілде мол көрініс тапқан. Тіл-тілде сақталған мифологиялық уәждер барлық дәуірге және халықтарға ортақ қазына.

Тіл мен мәдениеттің фразеологизмдердегі көрінісін зерттеген ғалым В.А. Маслова былай деп көрсетеді: “В каждом конкретном фразеологизме отражается не целостный миф, а мифологема. *Мифологема* – это важный для мифа персонаж или ситуация, как бы главный герой мифа, в который может переходит из мифа в миф. В основе мифа, как правила, лежит архетип” [В.А.Маслова, 1999; 13-14 бб.]. *Архетип* терминін ең алғаш “Инстинкт және санасыздық” (1919 ж.) мақаласында Швейцария психологы К.Г. Юнг енгізген. Оның пікірінше, *архетип* – ұжымдық санасыздық, жеке адамның санасыздығымен қатар ұжымдық санасыздықтың неғұрлым терең қабаттары болады, онда бастапқы психикалық құрылымдар (архетиптер) түрінде адамзаттың ең ежелгі тәжірибесі сақталады, ол дүниені қабылдау мен ой елегінен өткізуге априорлық әзірлікті қамтамасыз етеді [К.Г. Юнг, 1991; 165 б.]. Ол ұлы идеялардың бәрі архетиптік негізде жатыр деп санады.

Сонымен “ұжымдық санасыздық” адамдардың саналы өмір тәжірибесі арқылы емес, оларға ата-бабасынан мұра ретінде жеткен жеміс. Генетикалық теория негізінде К.Г. Юнг архетип пен мифологияның тығыз байланысын көрсетіп, мифология – архетиптер сақталатын орын дейді. Архетиптер – әлдебір шексіз, ұланғайыр, алып дүниені тиянақтаған, жинақтаған платформалар.

Архетиптік бейнелер адамзатқа атадан балаға мирас ретінде ғұмыр бойы ілесіп келеді. Олар мифологияны да, дінді де, өнерді де тудырған. Мифология, дін, өнер архетиптердің өзін өңдеп, символға айналдырып, формасы жағынан жетілдіріп, әсемдікке жеткізген. Мазмұны жағынан жалпыға адамзатқа ортақ мәнге ие болған. Мифология – архетиптік бейнелерді өңдеудің бастапқы формасы. “Үйлесімділік пен жарасымдылық адам баласында магия, ритуал, мифтердің көмегімен жүзеге асып отырады. Терең түпкірде жатқан бүкіл адамзаттық танымды бойына жинақтап, оны адам санасына жүйемен жеткізетін құпия ілімдер жатыр” [Қ.Жаманбаева, 1998; 112 б.]. Халық санасында шығу көзі белгісіз, код ретінде дайын күйінде қолданылатын архетип – фразеологизмдер негізінде мифтік түсінік жатыр. Мысалы, барлық халықтар үшін *нан* – өмірдің, тіршіліктің негізгі арқауы *(Ас – адамның арқауы)*. Біреу сөзінің дәлдігін, ісінің туралығын дәлелдегенде *нан ұстап* ант берген. Қазақ халқы өркөкірек, өзімшіл адамды *деміне нан піскен* деп айтқан. Ұйғыр халық танымында тілінде нан ұстап, ант ішу ғұрпы болған. Мысалы:

Ағзим билән йәм берәй
Булбул болуп кәлсиңиз.
Нан тутуп қәсәм берәй,

Маңа көңүл бөлсүңүз (Ұйғыр халық ертегісінен).

Біреуге қатты күйзеліп ренжігінде, көңілін қалдырған адамға, *"нан ұрсын"* деп қарғаған. *Дәнің тонға тимей, аузың нанға тимес; Бейнетің қатты болса, жегенің тәтті болар; Егіс ырыс таңдамайды, еңбек таңдайды* және т.б. мақал-мәтел архетипінде *нан* жатыр. Бұл мысалдарды орыс тіліндегі: *Есть чужой хлеб; Жить на хлебах у кого-либо; Хлеб – соль не пропустить зло* т.б. тізбектермен әрі қарай жалғастыра беруге болады.

Жер бетіндегі тіршілік иелері арасында жануарлар дүниесі адамға етене жақын келеді. Адамзат өркениеті, тіршілік санасы жануарлар дүниесімен тығыз байланысты. Жалпы қоғамның алғашқы синкреттік ойлау сатысында, адам мен жануар арасына ешқашан теңдік белгісі қойылмаған. Мифологияда жануарлар поэтикалық бейне ретінде келтірілген. Әр халықтың танымына, тіршілігіне, ойлау менталитетіне қарай жаруарлар бейнесінің берілуі де әр қилы. Мысалы: кемігіштер тобына жататын сүтқоректі жануар *қоян* ұғымына байланысты қазақ этносының дүниетанымындағы төмендегі сипаттамаларды атап көрсетуге болады:

- жабайы хайуандардың бірі, үй қоянынан біраз айырмашылығы бар;
- еті – қоректік азық, сондықтан да аңшылардың кәсіп ететін аңдарының бірі;
- тым қорқақ және өте сақ аңдардың бірі;

Қоянның мынандай сыртқы пішін-тұлғасы ерекше көзге түседі: түрі сұр, көк, ақ және ол жылдың әр мезгілінде түлеп, түсі өзгеріп отырады; бойы аласа, аяғы мысықтың аяғына ұқсайды; құлағы денесінен үлкендеу; көзі үлкен, әсіресе қорыққанда бадырайып кетеді; ерні түйенің ерніндей жырық; жүрісі жылдам, секеңдеп жортады, секіріп-секіріп қашады және т.б. [Н.Б. Оңғарбаева, 1992, 21 б.].

Бұл көрсетілген айрықша белгілер – халыққа таныс, олардың санасында әбден қалыптасқан ұғымдар. Қоянның жоғарыда аталған сын-сипаты, мінез-құлқы, бейне-тұлғасы фразеологизмдерде, мақал-мәтелдерде, жұмбақтарда, аңыз әңгімелерде, поэзия мен прозада және т.б. жанрларда кең орын тапқан. Мысалы:

1. Қорқақ ұғымындағы қоян:

Ел болуға алдымен білік керек,
Бір сөзді, бір ауызды намыс керек.
Жалғыз ғана оқумен теңелмейді
Алты ауыз азған болсаң қоян жүрек (С. Торайғыров).
Секең-секең жорытқан, көрінгеннен қорыққан (жұмбақ).
Қоянды қамыс өлтіреді, ерді намыс өлтіреді (мақал).

2. Қоянның жылдамдығына төмендегі мысалдарды келтіруге болады:

Екі қоянды бір таяқпен ұрып алу // бір оқпен екі қоянды ату.
Асықпаған арбамен қоянды қуып жетер (мақал).
Жылқыны басына қыстырып,
Есікті құлағына қыстырып
Қасқырды ат қылып мініп,
"Айт!" дегенде тұра қашқан
Ол не? (жұмбақ).

Қоян туралы тіл-тілде кездесетін мысалдар санын одан ары жалғастыра беруге болады: *Бетегесі шоңқайған қояндай; Қоянның жымындай жол; Тазы қуған қояндай; Сен тимесең мен тимеймін бадырақ көз; Бір жылға қоян терісі де шыдаған* және т.б.

Тілде қалыптасқан материалдар көрсетіп тұрғандай, *қоян* семасымен жағымсыз (қорқақ, ұсқынсыз, шыдамсыз) ассоциация халық дүниетанымында көбірек сақталған. Ал орыс тілінде *қоян (заяц),* бір жағынан, рухтар әлемімен, жағымсыз күшпен байланысты, сондықтан да оның атын атамай табу түрінде *косой (қыли)* деп те атаған. Екінші жағынан, *қоян* ұғымы күн, жарық символымен тікелей байланысты. Мысалы, *солнечный заяц (күн қоян)* [В.А. Маслова, 1997, 132 б.].

Халықтық тілде "есек" сөзі – бойы аласа, құлағы ұзын, еті мен сүті арам деп есептелетін жылқы тұқымдас көлік ретінде жұмсалатын жануар. Адамның мінез-құлқына

байланысты *есек дәме, есек құрты мұрнына түсу, зәңгі есектей аңқылдау* және т.б. фраземалар қолданылады.

Аталмыш культуремаларды адамның танымдық ойлау үрдісімен тікелей байланысты рып қарауға болады. Таным үрдісінде адамзатқа, ең алдымен шындықты көркем түрде бейнелеу қажеттігі туады. Соның әсерімен жасалған көркемдік әлем адам баласының үйлесім мен жарасымдылыққа ұмтылысын қанағаттандырады. Осыдан кейін ғылыми талдау мен қорыту, дерексіз ұғымдар мен түсініктерді белгілеуге мүмкіндік беретін таным жолы ашылады.

Қазақ ұлтының итке деген танымдық көзқарасы, ит психологиясын бүге-шүгесіне дейін білетіндігін және оны ақиқат бағалай алатындығын дәлелдейді. Қазақ тілінде "алыс, ұзақ жер" мағынасында *ит арқасы қиянда, ит өлген жер* және т.б. фраземалармен береді. Жалпы халық танымында "ит" семасы алыстықпен, қашықтықпен тікелей байланысты. "Жақсы ит өлігін көрсетпейді" мақаланың астарында да алыс ұғымының архетипі жатқан болу керек.

Белгілі жазушы Д. Әшімханұлының "Ит жылы" әңгімесінен мысал келтірейік: ... Тек соны *итке* ғана бітер төзіммен, бүгілмейтін *итжандылықпен* күту керек. Ол жақсылық баяғыдай *ит арқасы қиянда* емес, дәл қасымызда, иек астымызда тұрғандай. Олай дейтінім: бар тамаша, бар қазына Қазақстанда деп, *ит өлген жерден* мұнда ағылып жатқан бөгде-бөтен аз ба қазір. Мен білсем, олардың тұмсығы *иттен иісшіл.* Естеріңізде болар, ертеде солар *ит жегіп, ит қорлығын көріп Итжеккен* мен Аляскаға да жеттім емес пе? Ақыры сонда *ителмен,* инк, "индейс" деген халықтарды атажұртынан *иттей қылып қуып,* өздері қап-қара алтынды *итшаналарына тиеп,* алыстағы еліне тасыды емес пе? Сөйтіп, жердің арғы бетіндегі *ит тұмсығы өтпес* ормандар мен *ит іздесе таппас* иен мекенде *итарқа қостарын тігіп, ит жүгіртіп,* құс салып жүрген бейбіт халықтың *итін шығарып, итжем етті* емес пе? (Алтын Орда, 2001, 6 б.).

Профессор М.М. Копыленко пікірінше, итпен келген мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерде пейоративтік (жағымсыз) баға басымырақ, мыс, Ө. Тұрманжановтың құрастыруымен жарық көрген мақал-мәтелдер жинағында – 859, М. Аққозинада – 30, І. Кеңесбаевта жағымсыз мағынаның 429 рет кездесетініне баса көңіл бөліп, бұл мағынаның мелиоратив (яғни жағымды) мағынамен салыстырғанда санының едеуір басым екенін айтады [М.М. Копыленко, 1995; 36 б.]. Әлем тілдер халықтарында ит компонентімен келетін мақал-мәтелдердің мағынасы бір-бірімен жақын келеді.

Сөз байлығын ғылыми тұрғыдан зерттегенде, халық санасында, салт-дәстүрлерінде, ауыз әдебиетінде сақталған информацияның барлығы сабақтастық жүйемен игерілуі қажет. Тек сонда ғана халықтың болмыс тіршілігінің, мәдениетінің құпия сырлары толық, жан-жақты ашылады. Ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фразеологизмдердің орны – әлемнің тілдік бейнесін жасауда ерекше. Оны танымдық тұрғыдан талдау – адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуға мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, дербес мағыналы лексикалық бірлік болып табылатын фразеологизмдер – тіл байлығы ғана емес, халықтың рухани қазынасы, *"тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні"* тарихтың куәсі.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвферизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.

2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. –Алматы: Қазақ университеті, 2013.

3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 с.

4.Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.

5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.

6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.

7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.